

## АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ АЯСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

*Мырзалиева Ж.Т. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.,  
Иманбекова Н.Т. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультетінің 4 курс студенті*

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға конституциялық құқығы, сот шешімі тиісінше орындалған кезде толық көлемде іске асырылады. Қазіргі уақытта атқарушылық іс жүргізу саласын реттейтін негізгі құқықтық акт "атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы [1] болып табылады. Алайда, осы заңды талдау сот орындаушыларының бірқатар басқа заңнамалық актілерге, сондай-ақ сот актілерін орындау практикасына қатысты проблемалық болып табылатын бірқатар олқылықтар мен нормаларды анықтауға мүмкіндік берді.

Соңғы жылдары елімізде сот шешімдері мен басқа да атқару құжаттарын орындау мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы жетілдіру бойынша пәрменді шаралар қабылданды, атқарушылық іс жүргізу органдарының жүйесі мен құрылымы өзгерді, сот орындаушыларын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жақсарды. Жоғарыда көрсетілген уақтылы шешімдер, жалпы алғанда, оң нәтиже берді.

Қазіргі кезде алимент төлеушілерге қатысты мәселе атқарушылық іс жүргізуде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. ХХІ ғасырда ажырасу статистикасы өсіп келе жатқаны жасырын емес, сонымен бірге, өкінішке орай, қоғамда алимент мәселесі көтеріліп жатыр. Қазақстанда алименттік міндеттемелерді орындамау проблемасы отбасы ішіндегі шеңберден шығып, мемлекеттік деңгейге айналды. "Балаларға қарыздар" сомасы жыл сайын азаймайды, ал борышкерлер тізімі тек артуда.

Борышкердің алимент бойынша берешегі болған кезде жеке сот орындаушысы оның мөлшерін айқындайды, бұл туралы қаулы шығарады.

Кәмелетке толмаған балаларға төленетін алименттер бойынша берешектің мөлшерін сот орындаушысы алименттерді өндіріп алу ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 139-бабына сәйкес, жүргізілмеген кезең үшін борышкердің жалақысы мен өзге де табысына сүйене отырып айқындайды [2]. Жауапсыз әкелерден алимент алудың ең тиімді жолы – ай сайынғы жалақысынан тікелей ұстап қалу.

Жеке сот орындаушысы жұмыс берушіге тиісті қаулы жіберу арқылы борышкердің жалақысы мен кірістерінің өзге де түрлерінен өндіріп алады.

Жеке сот орындаушысы борышкердің жалақысынан және басқа да кірістерінен ұстап қалудың дұрыс және уақтылы жүргізілуіне, сондай-ақ ұсталған сомалардың өндіріп алушыға уақтылы жіберілуіне бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Бірақ, айта кету керек, ресми жұмыс істемейтін алимент төлеушілер өздерінің нақты кірістерін жасырады, бұл қаулының орындалуына кедергі келтіреді. Олар жалақының ең төменгі мөлшерін көрсетеді, осылайша балаларын асыраудан жалтарады. Егер ең төменгі жалақы 42 500 тг. негізінде есептесек, 1 балаға 10 375 тг., екі балаға 13 833 тг., ал үш және одан да көп балаға 21 250 тг. шығады. Бірақ, бұл жерде мынаны атап өткен жөн : атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңның 95-бабына сәйкес бір немесе бірнеше атқарушылық құжаттар, оның ішінде басқа сот орындаушыларының іс жүргізуіндегі атқарушылық құжаттар бойынша борышкердің жалақысын немесе табысының өзге де түрлерін өндіріп алу кезінде борышкердің жалақысының немесе өзге де табысының кемінде елу проценті сақталуға тиіс. Бұл ретте борышкердің сақталатын сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына жыл сайын белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінен кем болмауға тиіс. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР-да ең төменгі күнкөріс деңгейі 34 302 теңге сомасында бекітілді. Бұдан әрі мысал келтірейік, егер азамат 42 500 жалақы табатын болса

және онда ең төменгі күнкөріс деңгейі сақталса, онда өндіріп алу мөлшері 8198 теңгені құрайды. Ал егер борышкердің 3 баласы болса, онда жалақының жартысы 21250 тг. құрауы керек. Бұл жерде ең төменгі күнкөріс деңгейі сондай-ақ, заң талаптары сақталмайды. Нәтижесінде алименттерді өндіріп алу бөлігіндегі қайшылықтар көрініс табады.

Егер борышкер жұмыс істемесе, алимент бойынша 3 айдан астам берешек пайда болды және берешекті айқындау туралы қаулы шығарады және мынадай іс-әрекеттерді қабылдайды

Белгілі болғандай, осы санаттағы борышкерлер алимент міндеттемелері бойынша жинақталған берешекті көбінесе жұмыстың жоқтығымен түсіндіреді. Енді сот орындаушылары жұмыс істемейтін алимент төлеушілерге жұмыспен қамту қызметінің аумақтық бөлімшесіне жолдама береді, онда оларға бос жұмыс орындарының тізімін ұсынып қана қоймай, сонымен қатар жұмыспен қамту туралы заңнама аясында кірістерді материалдық қолдау негізінде жұмысқа орналасуға көмектеседі.

Борышкерге жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету мақсатында жеке сот орындаушы борышкерге 3 жұмыс күні ішінде ХЖҚО-на жүгінуді ұсынады, ол туралы ҚР ӘМ және ЕХӘҚМ 07.06.2017ж. "алимент бойынша үш айдан астам берешегі бар адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы" бірлескен бұйрығына белгіленген нысандағы хабарламаны тапсырады.

Егер азамат сот орындаушыларының ұсыныстарын елемейтін болса, балаға үнемі өсіп келе жатқан қарызға қарамастан, жұмысқа орналасудан бас тартса, ол қасақана төлемеуші ретінде ҚР Қылмыстық кодекстің 430-бабына ( Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау) сәйкесқылмыстық жауапкершілікке тартылады[3].

Осы бапқасәйкес, Заңды күшіне енген сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамау, сол сияқты оларды орындауға кедергі келтіргені үшін сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұдан әрі ЖСО атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды. Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар:

1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, мүлкіне тыйым салу);

1-1) борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;

2) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы мүлкін алып қою;

2-1) борышкердің өзінде не өзге де жеке немесе заңды тұлғаларда тұрған жылжымайтын мүлкін алып қою;

3) борышкерге белгілі бір әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлғаның органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды, бағалы қағаздарды және заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы және мүлкіндегі үлестерді иеліктен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданысын тоқтата тұру болып табылады;

4) борышкерге өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікті, оның ішінде ақшаны пайдалануға тыйым салу не оны сот орындаушысы белгілеген шектерде пайдалануға нұсқау беру болып табылады;

5) борышкердің мүлкіне сүргі салу;

6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;

7) басқа тұлғаларға мүлікті, оның ішінде ақшаны борышкерге беруге немесе оған қатысты өзге де әрекеттерді орындауға тыйым салу болып табылады.

Атқарушылық құжат бойынша өндіріп алу сомасы 20 АЕК-тен астам болған және өзіне қатысты қозғалған атқарушылық іс жүргізу туралы тиісінше хабардар етілген жағдайда, барлыққамтамасыз ету шараларын қабылдағаннан кейін борышкермен атқарушылық құжат орындалмаса, өндіріп алушының өтініші бойынша ҚР территориясынан шығуға шектеу қоюға міндетті. Егер жеке тұлғадан атқарушылық құжат бойынша өндіріп алу сомасы 250 АЕК-тен астам және атқарушылық құжатты 2 айдан астам орындамаған жағдайда, борышкерге лицензия, рұқсат, арнайы құқық және жүргізуші куәлігін беруге, оның ішінде олардың қолданылуын тоқтата тұруға уақытша тыйым салынуы мүмкін.

Бірақ осы шараларды қабылдағаннан кейін деборышкерлердің қарызды төлемеуі балаларының кәмелет жасына жеткенге дейін жалғасады.

Жоғарыда аталған ұйымдастырушылық проблемалардан басқа, сот орындаушыларының қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің белгілі бір сәйкессіздіктері бар, бұл бірқатар қарама-қайшылықтарды тудырады және оның кейбір ережелері іс жүзінде орындалмайды[4; 1].

Заң шығарушылар сот шешімдерін орындамағаны үшін жауапкершіліктің пәрменді шараларының іс жүзінде жоқтығына назар аударғаны жөн. Осылайша, Заңға сәйкес сот орындаушысына, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіргені және сот шешімін орындаудан жалтарғаны үшін кінәлі адамдарды (борышкерді) әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы сот және құқық қорғау органдарына тиісті ұсыныстар енгізу құқығы берілген. Алайда, мұндай ұсыныстардың басым көпшілігі борышкердің сот шешімін орындаудан жалтарғаны туралы дәлелдердің болмауы және тиісінше қылмыс (құқық бұзушылық) құрамының болмауы себебінен қанағаттандырусыз қалады.

Атап айтқанда, жалтарған борышкерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалды қарайтын анықтаушылар қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу нормаларын басшылыққа ала отырып, борышкердің, егер оның борыш сомасын өтеуге қаражаты болмаса, орындаудан жалтаруға ниеті жоқ, не орындау үшін белгілі бір шаралар қабылданатындығымен қылмыстық іс қозғаудан бас тартуды негіздейді[5]. Бұл ретте борышкердің жоғары тұрған инстанцияларға ресми сұрау салулары не борышкердің берешектің жалпы сомасына қатысты борыштың болмашы бөлігін төлеуі, сот шешімін не атқарушылық құжатты орындаудан жалтарғандығын жоққа шығарады. Сондай-ақ борышкердің сот орындаушысына оның ақшалай қаражаты мен мүлкінің бар-жоғы және оның тұрған жері туралы мәліметтерді хабарламауы немесе оның белгіленген мүлікті (мысалы, тіркелген автомашинаны) жасыруы заңнаманы бұзу және осы баптар бойынша жауаптылық туындайтын әрекет ретінде сараланбайды.

Сондықтан, мақалада осы мәселелердің келесі шешімдерін ұсынамыз:

Ең алдымен, атқарушылық іс жүргізу жөніндегі заңнамалық базаның ішіндегі сәйкессіздіктерді де, оның Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен сәйкессіздіктерін жою;

Айтып кеткендей, елімізде заң бойынша алимент төлемегені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Десе де жауапсыз әкелерді темір тордың ар жағына тоғыту өте сирек кездесетін жағдай, тіпті Қарағанды облысы бойынша статистиканы алып қарастыратын болсақ тәжірибеде ҚР ҚК 430-бабы бойынша соңғы бес жылда жауапкершілікке тартылған адамдар жоқ деуге де болады. Демек, сот шешімдерін орындаудан жалтарған адамдарға қатысты қатаң санкцияларды көздейтін бірқатар нормаларды әзірлеу және заңнамаға енгізу;

Борышкерді өзіне тиесілі мүлік туралы толық ақпаратты беруге барлық сұратылған деректерді жасырғаны үшін де қатаң жауапкершілікті көздей отырып заңнамалық түрде міндеттеу.

Осы және басқа да шараларды жүзеге асыру сот төрелігін орындау мен жүзеге асырудың сапасын арттыруға тиіс, өйткені сот шешімдерін орындамау, тіпті объективті себептер бойынша болса да, сот билігінің беделіне және тұтастай мемлекетке зиян келтіреді.

Сонымен қатар, болашақта ажырасу, алимент төлеу мәселесі азаю үшін алдын ала шаралар қолдану қажет деп ойлаймын. Бала тәрбиесіне мектептегі балалық шағы үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, менің ұсынысым бойынша мектеп бағдарламаларына отбасы құндылықтарын, қаржы мәселелерін үйрететін жеке пән енгізу керек. Яғни, өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына тәрбиелік маңызы зор ақыл кеңестер айтылуы қажет. Қазіргі таңдағы жас отбасылардың ажырасу статистикасы өскеніне байланысты жас отбасыларға олардың дәстүрлі отбасылық құндылықтары туралы теледидардан, ғаламтордан көруге болады. Әр отбасыда бұл құндылықтар әртүрлі. Бірақ олардың ұқсас жақтары да бар. Мысалы, кез-келген жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, баларды тәрбиелеу деген дәстүрлі отбасылық құндылықтар ортақ болады.

Қазақстан Республикасында атқарушылық іс жүргізу саласында жыл сайын орындалуға жататын сот актілерінің саны өсуде. Едәуір жүктеме әрбір жеке атқарушылық іс жүргізу бойынша сот орындаушылары жұмысының сапасына әсер етеді. Сонымен бірге, сот орындаушысы, сөзсіз, атқарушылық әрекеттерді заңға қатаң сәйкестікте жасауға және азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге, атқарушылық іс жүргізу тараптарын істің барлық материалдарымен таныстыруға, атқарушылық іс жүргізу тараптарының өтініштері мен өтінішхаттарын қарауға міндетті. Сот орындаушыларының қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамауы олардың әрекеттеріне сот тәртібімен шағымдануға, әуре-сарсаңға салуға, атқарушылық іс жүргізу тараптарын жазғыруға әкеп соғады.

Бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің және сот билігінің беделін арттырудың кепілі сот актілерін уақтылы және толық орындау болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі №261-IV Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261>

2 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z430>

4 Асанов. А. Е. Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolnitelnoe-proizvodstvo-v-respublike-kazahstan-problemy-i-puti-sovershenstvovaniya>

5 Об ответственности за неисполнение судебных актов Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 19 декабря 2003 года N 12. [adilet.zan.kz/rus/docs/P03000012S](http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000012S)